



**“THE ROLE OF TRADITIONAL RELIGIONS IN  
THE STRENGTHENING OF INTER-FAITH ACCORD  
IN KAZAKHSTAN”**

19 April, 2013. Almaty, Kazakhstan

**“ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ  
КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ  
ДІНДЕРДІҢ ОРНЫ”**

19 Сәуір, 2013. Алматы, Қазақстан

**“РОЛЬ ТРАДИЦИОННЫХ РЕЛИГИИ  
В УКРЕПЛЕНИИ МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО  
СОГЛАСИЯ В КАЗАХСТАНЕ”**

19 Апрель, 2013, Алматы, Казахстан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ И КУЛЬТУРОЛОГИИ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ  
ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ ОРНЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 19 сәуір 2013 ж.*

---

РОЛЬ ТРАДИЦИОННЫХ РЕЛИГИЙ В УКРЕПЛЕНИИ  
МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ В КАЗАХСТАНЕ

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

*Алматы, КазНУ имени аль-Фараби, 19 апреля 2013 г.*

УДК 2  
ББК 86  
Қ 18

**Редакция алқасы**

Төраға

**Байтенова Нағима Жаулыбайқызы,**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры*

**Мүшелері**

**Исмағамбетова Зухра Нұрланқызы,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы*

**Құрманалиева Айнұр Дүрбеленқызы,**

*философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі*

**Рысбекова Шамсия Сайдғалиқызы,**

*философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры*

**Борбасова Қарлығаш Молдағали қызы,**

*философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры*

**Бейсенов Бағдат Қайболдаұлы,**

*философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті*

**Абжалов Сұлтанмұрат Өтешұлы,**

*философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті*

**Мейірбаев Бекжан Берікбайұлы,**

*философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті*

**Қ 18** Қазақстандағы конфессияаралық келісімді нығайтудағы дәстүрлі діндердің орны. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / Роль традиционных религии в укреплении межконфессионального согласия в Казахстане. Материалы международной научно-практической конференции. Алматы, 2013. – 264 б.

ISBN 9965-12-349-7

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары «Қазақстандағы конфессияаралық келісімді нығайтудағы дәстүрлі діндердің орны» атты ғылыми форум қатысушыларының мақалаларының негізінде топтастырылып отыр. Жинақта қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндердің дамуы мен өркендеуі, мемлекет пен діннің өзара әрекеттестігі т.с.с. мәселелер қарастырылады.

Қазақстандағы дінтанудың қазіргі мәселелерімен қызығушы оқырманға арналған.

Материалы международной научно-практической конференции подготовлены на основе выступления участников научного форума «Роль традиционных религии в укреплении межконфессионального согласия в Казахстане». В сборнике рассмотрены актуальные вопросы развития традиционных религий в Казахстане, взаимодействие государства и религии и другие вопросы современного религиозоведения в Казахстане.

Для широкого круга читателей интересующихся современными вопросами религиозоведения в Казахстане.

ISBN 9965-12-349-7

УДК 2  
ББК 86

**З.Н. Исмағамбетова**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор*

Құрметті әріптестер мен қадірменді қонақтар және қатысушылар!

«Қазақстандағы конфессияаралық келісімді нығайтудағы дәстүрлі діндердің орны» атты халықаралық ғылыми практикалық конференцияға хош келдіңіздер.

Құрметті ханымдар мен мырзалар.

Бүгін сіліміз үшін және әлемдік маңызы зор мәселе қозғалып отыр. Заманауи адамзат қоғамында дінаралық және өркениетаралық сұхбаттастық, төзімділік, діни және ұлтаралық келісім мәселесі өзекті болып отыр. Дін аралық сұхбаттастық пен ұлтаралық келісім Елбасының бастамасымен 2003 жылы Астана қаласында өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 1 съезінің бастау алып, дүние жүзіне өркениетаралық және мәдениетаралық сұхбаттастықтық үлгісі болып таралған. Қазақстанда діни ұнақтысу мен келісім мәдениеті орныққандығында өркениетті адамзат қоғамы куә. Елбасымыздың жетекшілігімен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдағы түсіністік пен этносаралық қарым-қатынастың негізі мен бағыт-бағдарын айқындап отыр.

Дін қоғамдық сананың формасы ретінде адам және қоғамның рухани қажеттілігі және құндылықтың ұстанымы ретінде халықтар мәдениетінде орныққан. Діни мәдениет пен діни құндылықтар ұлттық болмыстың қасиетті дінгеінің бірі. Ислам діні мен мәдениеті қазақ халқының сал-дәстүрлері мен өмірмәндік ұстанымдарында айқындалған. Қазақ даласынан шыққан аттары әлемге мәшһүр Отырарлық Әбу Насыр Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Х. Сығанаки, Абай, Шәкәрім Мәшһүр Жүсіп сынды ғұлама ойшылар ислам ілімі мен құндылығын өз шығармаларына арқау етті. Діндераралық сұхбаттастық заманауи әлемде Шығыс пен Батыстың арасында ұнақтысу көшірін орнатуы жолымен адамзаттың тағдыр ортақтастығы мен бейбіт қатар өмір сүруіне жол салуы тиіс.

Елбасы жарлығымен ашылған Астана қаласындағы халықаралық мәдениеттер мен діндер орталығы жұмыс жасауда. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан – 2050 стратегиясында қазіргі таңда діни сананы қалыптастыру және діни экстремизм, лаңкестік, зиянды діни ағымдар мәселесінің өткір тұрғандығын атап көрсетті, Сондықтан жастарға ұлттық болмыстан орныққан исламның дәстүрлі құндылықтары негізінде білім беру мен тәрбиелеудің маңызы зор. Зайырлы мемлекетімізде 17 конфессияға тиесілі 3088 діни бірлестіктер жұмыс жасауда. Еліміздегі дінаралық және ұлтаралық келісім мәдениеті мен төзімділік өзарақұрмет пен сыластық әрбір парасатты адамның ұстанымы болуы керек. Қазақстан өркениетті ел ретінде адамзаттың мәңгілік құндылықтарын ардақтайды.

Құрметті әріптестер! Баршаңызға зор табыс тілеймін.

ішкі, әлі ашылмаған потенциалын жаңа шындыққа сай қолдану қажеттігі айтылады. Сонымен, даму және инновациялар бұл ұстанымда бекерге шығарылмайды, бірақ олар бұрынғы консервативті және қорғаушы бастауларға ұяланады.

Алайда, қазіргі күні дін мен мәдениеттің дәстүрлі формалары түбегейлі өзгерістерге бәрібір ұшырап отырады. Бүкіл әлемде біртіндеп, бірақ тоқтаусыз жүретін секуляризация процесі қамтиды, ол азаматтық және қасиетті салаларды адамның рухани өмірінде бір-бірін бөліп алып, сакральды-қасиетті ұғымдардың экономика және саясат аймақтарына араласпауын қалайды. Дін өркениетарлық қатынастарды (С. Хантингтон) реттеуде маңызды рөл атқарғанымен, өзінің жалпы көрінісінде адамның жеке тылсымдық өміріне қарай көбірек ығысады. Әрине, С. Хантингтон болжаған діни-конфессиялық қайшылықтардан туындайтын суперөркениеттер қақтығысының болу мүмкіндігін абсолютті түрде бекерге шығара алмаймыз. Алайда, әлем дамуының әмбебапты тенденциялары әлем мәдениетіндегі тұтастану процесінің тереңдеп бара жатқанын көрсетеді. Әлем барған сайын ашық, біртегі, толерантты болып келеді.

Мамандар, белгілі бір мәдени тұтастылықтың ажырамас бөлігі болып табылатын «халықтық діндерді» (диффузиялық діндер) және тікелей бір этномәдениетпен шектелмеген әмбебапты конфессияларды бір-бірінен айырады. Халықтық діндер, әдетте, нақтылы мемлекеттік биліктің қасиетті негізі болуға ұмтылады. Осындай діндер көмегімен харизматикалық басшылар өз билігін нығайтқысы келеді. Алайда, осындай тұтастану көптеген жағдайларда мемлекет азаматтарының жеке құқықтарын шектеуге бағытталуы мүмкін. Әмбебапты діндер де (христиандық, ислам, буддизм) саяси биліктің легитимациясын қолдануға ұмтылып, жалпы саяси-әлеуметтік жағдайға бейімделе әрекет етуге тырысады. Олар нақтылы қоғамның басты құндылықтарын негіздеу қызметін атқарады.

Дін, әрбір жеке тұлғаның өзіндік ісі деп жарияланған азаматтық қоғамда да тұлғалардың саяси-әлеуметтік өміріне тигізетін ықпалын жоғалтқысы келмейді, тіпті, бір діннің өзі әр түрлі саяси бағыттарға қолдау бере алады, себебі діни ағым өзімен-өзі емес, керісінше, белгілі бір зайырлы идеология немесе ұстанымдармен қосылып, адамдардың саяси бағдарларының құндылықтар жүйесін құрастырады [3].

Дін қызметі қазіргі күні де толастар емес. Миллиондаған мұсылмандар Меккеге қажылыққа ағылады, Рим папасының уағыздары жүздеген мыңдар тобының аудиториясын жинайды, буддалық мейрам халық ағынын әкеледі. Тек әмбебапты діндер ғана нығайтып келе жатқан жоқ. Дәстүрлі емес секталарға модалы сұраныс қалыптасып, магия мен астрология, шығыстық медитация техникалары қаулап өсіп келеді.

Осының барлығын зерделеу және мәдени әрекетте орынды қолдану қажет. Азаматтық қоғамдағы діни институттардың қызметі тек теориялық қызығушылық тудырмай отыр. Бұл, әсіресе, өзінің геосаяси және тарихи жағдайларымен ерекшеленетін Қазақстан үшін маңызды. Біздің еліміз үш өркениеттің (исламдық, православиялық, конфуцийлік) тоғысқан жерінде тұр және жоғарыда аталып өткен С. Хантингтон концепциясы бойынша, қақтығыстар шығуы мүмкін жолайырық болып табылады. Бірақ, басқа жағынан алғанда, Қазақстан территориясында ғасырлар бойы әр түрлі этностар, діндер, мәдениеттер бейбіт, келісімді өмір сүріп келген. Қазіргі кезде де Қазақстанда 1300-дей діни бірлестіктер, 30 конфессиялар әрекет етеді. Алматының бір өзінде 100 діни ұйымдар бар: 18 мұсылмандық, 4 православиялық, 2 католиктік, 7 баптистік қауым, 2 лютерандық қауым, 10 Иегова куәгерлерінің жиналысы, 20 протестанттық және [[пресвитер]пресвитерлік, Бахайя қоғамы (синкретикалық сана), 2 ескиюрядтық қауым, 4 пятидесятниктердің қауымы, Кришна санасының қоғамы, Вайшнавов діни қоғамы, 8 мәдени-ағартушы және қайырымдылық миссиялары, иудейлік қоғамдар, адвентистердің Жетінші күні қоғамы, армян шіркеуі, 4 харизматикалық бағыт, 2 буддалық қауым, 1 сатанистер қоғамы. Қазақстан халқының күрделі конфессиялық құрылымы елде этнократиялық және исламдық мемлекетті құру идеяларының терістігін көрсетеді. Бір дін құндылықтарын әсірелеу біздің еліміздің жағдайында қоғамдағы жікшілдікке әкелуі мүмкін. Сондықтан Қазақстанда жарияланған

демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам құру бағдары дінаралық сұхбат пен келісімді қажет етеді. Ислам өркениеті Х-ғасырдың ортасында шарықтау шегіне жетті. Және XVI-ғасырға дейін еш іргесі сөгілмей, жоғары дәрежеде болды. Ислам өркениеті Ислам мемлекетінің қандай да бір аймағына немесе өлкесіне қатысты болмай, барлығын түгелдей дерлік қамтыды. Сонымен қатар, ислам қай жерде күшті әрі қуатты болса, өркениеті де дәл сондай түрде дамып отырды. Мұсылмандар Испания, Умейд мемлекеті, Бағдад, Аббаси халифатын таумен қатар мәдениет пен өркениет тұрғысынан шығыспен қарым-қатынастарын да үзбей жалғастырды. Шығыстағы маңызды кітаптар бірнеше жыл ішінде Испанияда пайда болғанда ол жердің ғұламалары да күтпеген жерден Ислам ғылымына, өркениетіне және әдебиеті мен мәдениетіне көмек көрсете бастады.

Батыс пен Шығыстың қосарлы ықпал аймағында орналасқан Қазақстан үшін мәдениеттер мен діндер сұхбаты идеясының берері мол. Сұхбат ықпалы аймағында орналасқан Қазақстанның елі үшін сұхбаттылық, адамдар арасындағы сыйластық өмір салты болып кеткен. Олар үшін құқықтық та, қара күш те адамдар бірлестігінің негізі бола алмайды. Олардан биік тұрған құндылықтар — сұхбатты қалыптастырушы сүйіспеншілік, төзімділік, мәміле-келісім болып табылады. Аталған құндылықтар кереғарлықты болдырмай, әлемде бейбітшілікті қалыптастыру үшін барын салады. Сондықтан болар әлемі діндердің барлығы дерлік жаңағы құндылықтардың өмірде терең тамыр алуы үшін қолдан келгенін аямайды. Әлем бұдан былайғы жерде діндер, мәдениеттердің ортақ тоғысу нүктесін айқындамай, олардың сұхбаттық болмысына тәнті болмай жалпыадамзаттық құндылықтарды дұрыс түсінуі әлде қалай бола бермек.

Қазақстанның ислам әлемімен қарым-қатынасын, ынтымақтастығын дамыта түсу еліміздің алға қойған барлық саладағы мүдделеріне сай келмек. Еуропадағы және ислам әлеміндегі ауқымды ұйымға төрағалық етудегі Қазақстанның міндеті — ислам ілімі өркендеген орталықтардың біріне айналу. Мұсылман үмбетінің бейбітшілік пен әділеттілікке жол бастайтын ізгілікті адамгершілік құндылықтарын алға бастаушы, басқа ілім өкілдеріне толеранттылықты, еркін таңдауды көрсетуші және түр-түсіне немесе сеніміне қарамай, адамдар арасындағы келісім мен өзара құрметті нығайтуға ұмтылушы қауым екенін Қазақстан өз үлгісі арқылы көрсетуге тиіс. Халықаралық дәрежедегі беделді ұйымдарды басқару ісінде өзіндік тәжірибе жинақтаған Қазақстан «Бейбітшілік, ынтымақтастық және «Даму» ұранымен барлық Ислам әлемінің дамуына елеулі үлес қосатынына сенімдіміз.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Төжікова.К. Ислам дүниетанымы: идеология және саясат. – А., 2001. – 145 б.
- 2 Дінтану негіздері: Оқулық / Құраст. Н.Ж. Байтенова. - Алматы: Қазақ Университеті, 2006. – 356 б.
- 3 Крымский А.Е. История мусульманства. - М.,-2003. - 230 с.

Г.С. Сұлтанбаева

с.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

### МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯСЫ ӨРКЕНИЕТТЕР ДИАЛОГЫНЫҢ ТІРЕГІ

Ғылыми әдебиеттерде мәдени кеңістік дінаралық тұрғыдан қарастырылады. Яғни, мәдени кеңістік түрлі мәдениеттердің бірлесе өмір сүруі емес, сондай-ақ олардың диалогиялық әрекеттесу мүмкіндіктері қарастырылады.

Мәселен, ресейлік ғалым В. Назаров Ресейдің мәдени кеңістігі қалыптасуына моңғолдардың ықпалы болғанын айтады. Еуразиялық мәдени кеңістікке енетін, дегенмен де ешбір доминант, яғни бір мәдениеттің бірін жұтып жібермейтіндей мәдениеттің диалогиялық плюрализмінің көрінісі болғандығын дәлелдейді [1, 12 б.].

Сондай-ақ мәдениеттер қақтығысы мәдени кеңістікті коммуникативті кеңістік ретінде тануға көмек берді. Коммуникация хронологиялық деңгейде, мағыналық элементтерімен

топологиялық сипатта да орын алатыны рас. Мәдени кеңістік ерекше коммуникативтік универсум. Коммуникация жергілікті мәдениет арқылы сол мәдени диалог арқылы, ерекше коммуникациялық алаң арқылы орындалады. Мәдениеттер диалогы мәдени алмасулар емес, сондай-ақ олардың дамуы, бірін-бірі байытуы [2].

Бүгінде мәдениеттер арасындағы диалог өзгеше «өлшемдермен», басқаша коммуникативті-семиотикалық жағдайларда жаһандық коммуникативтік алаң тұрғысында дамып келеді. Мәдени диалогтың мұндай формасы олардың мағыналық сәйкестенуі емес, мәдени диалогты қажет ететін мәдени салаларда өзге мәдениеттің мағыналық және белгілік символдарын өз тілдеріне енгізіп, сіңіріп алуы ретінде танылуда. Мәдени шекара ретінде қарастырылатын жекелеген мәдениеттердің араласу аймағы интеграциялық механизмдер арқылы жүзеге асады.

Сонымен, мәдени кеңістіктің болуы «уақыт»: өткен, бүгін, болашақ шеңберінде, яғни түрлі уақыт аралығында мифологиялық, виртуалды, тарихи, рухани, тұрғылық т.б. түрде орын алатыны рас. Мәдениет уақыттың түрлі өлшемдері аясында өмір сүре отырып, осы кеңістіктің еншісіне айналады. Сонымен, бүгінде мәдениет шекарасы кеңістік тұрғысынан да, уақыт өлшемінен де шектеусіз.

Қазақ елінің интеллектуалды әлеуетін арттыруда рухани құндылықтарға арқау болатын фактор – мәдени үндестік. Қазақ мәдениеттану ғылымында диалог, үндестік мәселесі өзекті тақырып, өткір пікір алмасу объектісіне айналып отыр. Көпұлтты да көпдінді зайырлы мемлекет ретінде Қазақстанда мәдени диалог мәселесі бұқаралық коммуникативтік кеңістіктегі көп қозғалатын тақырып.

Мәдениеттанушы ғалым А. Құлсариева: «Диалог мәдениетінің үлгісін бүгіндері саяси жоба ғана болудан қалып, нақты өмірдің шындығына айналып үлгерген Еуропалық Одақ көрсетіп отыр дей аламыз. Өйткені бүгінгі таңда аймақтық типтегі жаңа қауымдастыққа нұқта болған біртұтас еуропалық өркениеттің іргетасы қаланды.

Еңдеше, азаматтық сана-сезімнің естиярлығы, пісіп-жетілген сатысында тұрған, тамырын тарихтың терең қойнауынан тартқан тағылымы мол жұрттардың тәжірибесіне қарап осы біздің өскелең қазақ өркениетінің болашақ гүлденуінің, әлемнің озық дамыған елдерімен терезесі теңдес болып, үзенгі тиістіруінің бір кепілі», - деген ойын білдіреді [3].

Біздің ел мемлекеттігін құрып отырған, қазақ халқының мәңгілік отанына айналған еуразиялық кеңістікте қазақ мәдениеті мен өркениетінің орын ерекше. Атқарар жүгі, көтерер салмағы да басым.

Бейбітшілік пен келісім - Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстанның әлемдік бренді. Астана – мәдениеттер мен діндердің тоғысатын жеруіығы. Бұл – Қазақстанды әлемге танытқан саясат.

Әлем қақтығыстар мен апаттардан, қатер мен дағдарыстан арылған жоқ. Жаһандық үндеулер адамзатты бейбіт өмірге, рухани келісімге шақыруда. Жаһандандудың әкелген қауіп-қатері әлемдік дағдарыстардың орын алуы, қайталануы. Әлем дағдарыстың шегіне жете қоймады. Дегенмен Қазақстан өз азаматтарына әлеуметтік кепілдік беретін әлеуметтік жаңғырту, еңбек қоғамын құратын жолды бағдарлады. Елбасы еуразиялық идеясын теория жүзінде емес, экономикалық, қаржылық, саяси, мәдени, ғылыми-білім беру салаларында пәрменді құрылымдарды жасай білді. Сондықтан да еуразиялық аймақ жаһандық дағдарыстың алдын алу үшін шешуші геоясаси орталыққа айналды.

Еуразиялық идеясы жаңа мәнге, жаңа мағынаға ие болды. Ол әлеуметтік өмірдің барлық саласында өзектілігін танытты. Еуразиялық ұғымы Еуропа мен Азияның мәдени диалогы идеясын, суперэтникалық қауымды, идеялық-саяси қозғалыстардың үндесуін, еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттердің интеграциясын білдірді.

Еуразиялық көпқырлы ұғымға айналды. Сондықтан Еуразияны мекендеген тұрғындардың мәдениеттері өзара қарым-қатынасы дамуының *калоритті мозайкасын құрды*. Еуразиялық идеялық-саяси қозғалыстардың эволюциясын танытты.

Осынау өркениетті қадамның түп-төркіні неде? Өзегі қайда? Бұл адамдар арасындағы келісім мен сенімде. Түрлі тарихи кезенді, түрлі мәдениетті, түрлі дінді ұстанған ұлттар мен

этностардың достығында, сенімді бірлігінде. Сондықтан еуразиялық идеясы уақыт өте қуаты артып, әлеуетті күшке айналуға. Десек те бұл идея төңірегінде пікірталас таусылған емес. Қазақстанда еуразиялық идеясы ішкі және сыртқы саясатта да маңызды. Көпэтносты, көпдінді елде басты ұлт – қазақ ұлты. Қазақстанды құрап отырған ұлт – қазақ ұлтының мекені – Еуразия. Еуразиялық атамекен бір күнде құрылған доқ. Мыңдаған жылдар бойы еуразиялық тағдырлар тоғысқан, еуразиялық мәдени және рухани байланыстардың іргесі қаланды. Бұл – болашаққа апаратын жол, өркениетке қаланағын баспапдақ.

Қазақ философияшының күн тәртібіне шығарып отырған мәселесі еуразиялық біртұтастыққа ұлттық идея қалай құралмақ деген сұраққа жауап іздеу. Ол идея өзара ұлтасқан, салтанат құрған. Қазақстанда еуразиялық идеясы ұлттық идеяның негізі. Ұлттық идея біз үшін әлеуметтік-саяси өлшемдердің бірлігі. Еуразиялық идея мемлекетаралық ынтымақтастық пен интеграцияны қамтамсыз етуге бағытталған. Ұлттық идея және еуразиялық идея этникалық тұрғыда емес, этносаралық тұрғыда қарастырылады. Біздегі ұлттық идея Қазақстан ұлттарының мемлекет құрушы ұлт – қазақ ұлтымен бірлесуі тұрғысынан қалыптасты. Бұл еуразиялық диалог алаңында барлық ұлттар қатыса алатын, құқықтары тең келетін мультимәдениетті стрататегем [4].

Бүгінгі күнде жаһандық әлемнің қауіп-қатерлеріне, үндеулеріне тек бірлесе, бірігіп қарсы тұруға болады. Бізбен бірге кім көрші болды, кім тағдырлас болды солар сенімді серіктес болады. Еуразиялық идеясының мәні жаңа қырынан танылуда. Еуразиялық идеясы *адамзаттың бірігуі, достасуының символы*. Түрлі нәсілдер мен халықтар арасындағы достық қарым-қатынас жаһандық өркениетке жақындатағын қадам.

Елбасы Қазақстанды Еуропа деп танытындар да, Азияның барысы деп санайтындар да, жанатүріктік модель деп атайтындар да қателеспейді дейді. Біз өз тарихымыз, өз болашығымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз ешкімге ұқсамайды. Ол түрлі өркениеттердің жетістіктерін бойына сіңірген даму жолы.

Еуразиялық идеясы Еуразия халықтарының мыңдаған жылдар бойғы рухани-танымдық бірлігі мен мәдени-тарихи қарым-қатынасынан туған. Еуразиялық ынтымақтастық құндылықтардың, адамзат санасы мен психологиясының дағдарысынан туындаған жаһандық күйзелістер әлемінде үлкен сабақ.

Әлем таяуда тағы бір сілкінді. Араға 11 жыл салып 11 қыркүйектің салқыны әлемді дүрліктірді. Ислам әлемінің, мұсылман дінінің рухани құндылығын таппаған бейнероликті жария ету адамзат өркениетіне лақтырған тастай болды. Мұхаммед пайғамбар туралы түсірілген фильм әлем елдерінің мұсылман қауымына жарияланған ақпараттық-психологиялық соғыспен тең. «Мұхаммед, мұсылмандар пайғамбары» фильмі мен «Исламның күнәсіздігі» роликті ислам діні ұстанғандарды маскаралайды. Дегенмен ғаламдық желі арқылы тез тарап кеткен бейнероликті Египет, Ливия елдерінде көрсетуге тыйым салынса да, халық наразылығы артқаны мәдени құндылықтарға, діни сенімдерге деген адамзаттың игі істеріне жағылған қара күйеге айналды. Ызалы топ Бенгазида, Каирде наразылықтарын танытты. Әлем тағы бір толқуға, дінаралық қақтығысқа тап болды [5].

Ақпарат заманында сенсациялық жазбалар лап еткен өрттей лезде тарап үлгеретінін ескерсек, YouTube бейнехостингі қожайыны Google компаниясы бұл роликтің египеттіктер мен ливиялықтарға қолжетімді болуына жол бермеуі – жауапты қадам. Дегенмен фильмді желіден біржола алып тастауға келіспеген компания бұл қадам өз саясаттарына қарама-қайшы келмейді деп мәлімдейді. Бұл сөз бостандығы мен пікір айту бостандығын қорғайтын компания саясаты деген Google-дықтардың ақталуын қалай түсінуге болады?

*Ең жосары сана – адамзат өмір сүрген әлем бүгінде өте әлсіз, қорғансыз*. Ұлт аразлығын, діни қақтығыстарды тудыратын кез-келген ақпараттың өнімін бұқаралық медиа құралдары, ғаламдық желі арқылы таралуына шектеу қою – адамзат алдында тұрған басты міндет. Мәдени диалогтардың, өркениет ошақтарын құруға қаншалықты көп күш-жігер, төзім мен сенім, уақыт пен кеңістік қажет болса, осының барлығын, керісінше күйрете салу соншалықты оңай, тез әрі жылдам. Біртұтас әлемде осы міндетті ұмытпау маңызды. Әлемге танылған еуразиялық идеясы да, еуразиялық кеңістік платформасы да болашақта осы

ұстанымдарға берік болуы тиіс.

Сонымен, бүгінгі қазақ қоғамында: білім, ғылым, мәдениет ұштағаны интеллектуалды капиталды құрайтын басты факторлар деп атауға болады. Батыс Еуропадан Қиыр Шығысқа, Солтүстік мұзды мұхиттан Орта Азияға дейінгі аралықта орналасқан Еуразия жер кіндігі, өркениеттер ошағы, мәдениеттер тоғысқан мекені ретінде қазақ елі – Жерұйығын рухани мәйек, жасыл желек, алтын орда деп тану қажет. Бұл өткенге, тарихқа оралу емес, керісінше, сол өткен мен өшкенді жаңа мазмұнда, жаңа түрде, заманауи үлгіде жанғырту, жаналау.

Бүгінгі интеллектуалды елге бой түзген ұлттық көштің тура, дәл, серпінді серпілісін танытатын құндылықтар өлшеммен өмір сүру, соған қарап бой түзеу, бесікті тербеу – қазақ қоғамына қажет Жібек Жолы.

#### Әдебиеттер:

1. Назаров В.К. Общациональная идея как фактор интеграции культурного пространства России: евразийская версия // Культурное пространство Восточной Сибири и Монголии: Материалы международной научно-практической конференции. - Улан-Удэ: Издательско-полиграфический комплекс ВСГАКИ, 2002. - 503 с.
2. Лотман Ю.М. Семиосфера. — С.-Петербург: «Искусство—СПб», 2000. — 704 с.
3. Құлсариева А.Т. «Қазақстандық даму үлгісінің философиялық-мәдениеттанымдық парадигмасы (Қазақ елі – Жерұйық)» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары есебі, 2012. – 22 б.
4. Нысанбаев А., Колчигин С., Соловьева Г. Евразийство в XXI веке. [http://neonomad.kz/stylneonomad/moda/index.php?ELEMENT\\_ID=4949](http://neonomad.kz/stylneonomad/moda/index.php?ELEMENT_ID=4949)
5. <http://www.rosbalt.ru/main/2012/09/13/1033726.html>

**Н.Ж. Байтенова**

*философия ғылымдарының докторы, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры*

**А.С. Тастанова**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты*

### ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ДІНИ-ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Қазіргі кезде терроризмге қарсы күш қолданбаса да болмайды. Бірақ ол ылғи да оң нәтижелер беріп жатқан жоқ. Сондықтан онымен күрестің күш қолданудан басқа да жолдарын қарастыру нағыз қажеттілік. Соның бірі ретінде жоғарыда аталған "Қазақстан Республикасындағы терроризмге қарсы күрестің саяси-құқықтық шаралары" атты тақырыпта дәлелдеуге тырыстық. Құқықтық-саяси механизмнің оң болашағын ашып көрсеттік. Алдағы уақытта сонымен қатар терроризмге қарсы күрес тек әскери жолдармен шектеліп қалмай басқа да, атап айтқанда, саяси, ғылыми, мәдени және т.б. жолдармен де шешілетінін ескермей болмайды. Егер терроризмді түрлі ұлттық, діни, әлеуметтік, саяси және басқа салалардағы шешілуге тиісті мәселелер екенін еске алатын болсақ, онымен күрес ісі де сол сияқты сан-салалы болмақ.

Алайда қазіргі кезде халықаралық терроризммен күрестің мәні қазіргі кезде негізінен "әділ жаза" берумен ғана шектеліп отыр. Ал бұл дегеніміз нағыз терроризмнен кем түспейтін шегі жоқ адекватты емес акция. Басқаша айтқанда діни экстремизм мен терроризмді жазалау шиеленістің жаңа түрлерін тудыруда. Яғни, бұрынғыдан да күшті терроризмнің жаңа түрі пайда болуда. Бұл жағдай, біздіңше, терроризммен күрес концепциясының өзін жетілдіруді қажет етеді. Шамадан тыс адекватты емес репрессия тиісінше сондай күшпен қайта террор туғызуы мүмкін. Әрбір әрекет, қимыл осыған тең қарсы әрекетті тудыратыны әлемге әйгілі.

Осының өзі халықаралық терроризммен күрес ісіне саяси стратегиялық басшылықтың, біздіңше, өз дәрежесінде емес екенін көрсетеді.

Мемлекеттік саяси басшылар әлемде 500 дей терроршыл ұйымдардың барын.

олардың бюджеті бірнеше миллиард доллар болатынын айтудан әрі бара алмай отыр. Әзірше оған қарсы күрес шаралары бар болғаны әскери күш қолдану мәселесімен ғана шектелуде. Өйткені ол терроризмді түпкілікті жеңуге жеткіліксіз. Күш қолданудан басқа, біздіңше, жан-жақты негізделген жалпы әлемдік саяси стратегиялық концепция болуы қажет. Сонымен қатар терроризммен күрес ісі ғылыми, әлеуметтік, психологиялық, идеологиялық, мәдени, экономикалық және т.б. жақтарын қамтуы қажет.

Ғылыми тұрғыдан алып қарайтын болсақ, дау-жанжалдардың шығуы адамдардың табиғатынан туындамайды. Саяси шиеленістің орын алуында басқа да факторлар бар. Оның ішінде: әлеуметтік факторлар; адамдардың негізгі құндылықтарды және саяси идеалдарды түсінудегі алшақтық; адамның жеке тұлғасын қалыптастырудағы қажеттіліктерді ескермеу; ұлттық және діни мәдениет тұтастығына шек қою, қысым жасау; жеке бас еркіндігін шектеу және т.б.

Бүкіл бір елді терроршылдар қатарына жатқыза салу барып тұрған әділетсіздік. Ал әділетсіздік орын алған жағдайда тиісінше оған өршелене қарсыласу да тоқталмайды.

Терроршылдықты анықтауда жалаң және жадағай қорытынды жасай салуға болмайды. Қазіргі кезде ислам дүниесі әлемдік азулы ақпарат құралдарының "азығына" айналып отыр. "Ақпараттар соғысының" кесірінен мұсылман елдерінің келбеті көмескіленуде. Исламның қағидалары бұрмалануда. Кез-келген бас кетеру мен террорлық актіге ислам кінәлі делінеді. Бұл дұрыс емес.

Ең алдымен, біздіңше, терроризмнің неден басталатындығында. Дау-жанжалдар көп ретте пікір таластардан, соған байланысты келіссөздерден басталады. Осындай кездерде мәмілеге келу мүмкіндігі аяқасты етілсе, мәселе ұшығып, аяғы террорға ұласуы әбден мүмкін.

Терроризм мәселесіне келгенде оны қалыптастыратын ортаға да көңіл бөлу қажет. Қарсылас жақтар әдетте өзінің екінші жаққа деген өшпенділігін легитимдендіруге тырысып бағады. Тарихи деректерге жүгінетін болсақ, Англияда, Италияда, Германияда, Испанияда және т.б. елдерде билікке қарсы күрес қарулы оппозиция түрінде жүзеге асырылғаны белгілі. Мысалы, Англияда "Ирландық Республикалық Армия", Италияда "Қызыл бригадалар", Германияда "Қызыл Армия Фракциясы", Францияда "Тикелсей әрекет", Испанияда "Басклық сепаратист: ұйым - ЭТА" [1]. Олардың, әрине, әртүрлі идеологиялық көзқарастары болған. Бұл соғыстарда террористер ғана өлтірілмей, бейкүнә адамдар шығын болған. Оның нәтижесі террордың жаңа толқынын әкелген. Бұдан шығатын қорытынды - күш қолдануға қарсылық ретінде күш қолдану акциясы өршиді. Терроризм тоқталмайды.

Терроршылдық ұстанымдардың көпшілігі, талдап қарайтын болсақ, олар өздерін белгілі бір қоғамдық топтардың құқы мен еркін қорғаушыларымыз деп есептеген. Ал шын мәнінде терроршылдықтың нағыз себептері тіпті басқа да болып шығады. Мысалы, кәдімгі материалдық мүдделер немесе террор жасақшылары лидерлерінің қанағаттандырылмаған амбициясы немесе жоғарғы саяси сферадағы құпия дем берушілер екені белгілі. Бұл жерде ондайлар тарапынан айтылатын халық мүддесі туралы идеологиялық "астар" олардың өз мақсаттарын бұрқемелеуі үшін ғана керек.

Дау-жанжалдың шығуы көбінесе жаңа саяси күштердің аренаға шығуына, идеологиясыздық кеңістіктің пайда болуына, оның орнына сырттан әдейілеп келтірілетін деформацияланған идеялардың келуіне, бүлдіру іс-әрекетін қаржыландырудың жаңаша қалыптасуына және т.б. байланысты.

Осы кезге дейінгі жүргізілген антитеррорлық күрес тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бейбіт және күнәсіз адамдарға жасалатын әділетсіздік, қиратушылық күшті. Ал, террордың қарулы күшпен тоқтатылуына келетін болсақ, оған көз жетпейді - қарсылас жақтардың бір-біріне өшігуі күшейіп тоқтаусыз террор жалғаса түседі. Олай болса, біздіңше, террорға қарсы күресте тек ғана қарулы соққы әдісіне үміт артуға, сенуге болмайды.

Терроризм қандай бір жолмен жүзеге асырылмасын, оны ешқандай жолмен ақтауға болмайды. Өйткені терроризм бейкүнә адамдарды жаппай қырып жоятын, қорқыныш пен

5. өзін - өзі жетілдіруді компетенттілік.

Қазақстандық ғалымдарда ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігінде кіріктіру және қоғамдық сұраныстарға жауап беру мақсаттарына сәйкес, білім берудегі компетенттілік үлесіне зерттеулер жүргізіп, оны мектеп практикасына енгізу мүмкіндіктерін қарастыра бастады. Әйткені, білімді компетенттілік тұрғысынан ұйымдастыру қоғамның мүддесіне де, білім саласы қызметкерлерінің мүддесіне де сай келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Жапонияға барған кезекті сапарынан кейін: «Жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу үшін біз көп нәрсені ескеруіміз қажет. Осы орайда, жапондықтардан үлгі алуға болады. Олар әлі күнге дейін кимоно киіп, храмға барса да, жоғары технологиялар саласында озық жаңалықтар ашумен ерекшеледі» дейді. Елбасы айтқандай жапондық оқушы үшін «Мұғалім культы» құнды принцип болып саналады.

Ғалым Асқарбек Токиодағы Цукуба университетінің жанындағы бастауыш мектепте болған бір күн жайлы былайша баяндайды. «Бұл мектептің негізі 1880 жылы қаланған. Мектептегі білім беру император Мэйдзидің жарлығын жүзеге асыратын ережелерге негізделген. Ол – конфуциандық мораль мен этикадан бастау алатын білім беру мен тәрбиелеу қағидалары. Құжатта Адам баласы ең алдымен өзінің рухани дүниесін байғытып, моральдық тұрақтылықты қалыптастырады, содан кейін ғана өз қабілетіне орай түрлі пәндерді меңгереді, - деп көрсетілген.

Мектептің алдына қойған мақсаты 118 жыл бұрын анықталып, бүгінгі күнге дейін өзгермеген:

1. Өзін адам ретінде тереңінен сезінген баланы тәрбиелеу.

2. Ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін, толықтыратын және мәдениетті дамытатын баланы тәрбиелеу.

3. Өзін Жапония азаматы ретінде сезінген баланы тәрбиелеу.

4. Дені сау, белсенді баланы тәрбиелеу.

Ал мектептің міндеті – балаға рухани және дене бітімінің дамуын қалыптастыратын бастауыш білім беру болып табылады. Жапонияда балалар 6 жастан бастауыш мектепке қабылданады. Бұл мектепте әр паралельде 4 сынып жылы бар. Әр сыныпта 40 баладан отыр. Таңғы сағат 8.05 – те 20 минуттық таңғы жаттығу басталады. Балалар өте белсенді, бірде – бір бала назардан тыс қалмайды. Келесі 20 минутта душ қабылданады немесе бассейнге шомылады. Сағат 8. 45 – те басталған сабаққа бірде – бір оқушы кешіккен жоқ. Жапонияға атағы әйгілі болған әдіскер Танака Хироши таңертең балалармен бірге белсенді түрде спортпен шұғылданады. Мектепте болған күні бір мұғалімнің балаға дауыс көтергенін байқамадым. Себебі, Жапонияда балаларға дауыс көтеру үрдісі қабылданбаған. Бақылау жұмыстарына алдымен түрлі шартты белгілер қойылады, оқушы осы белгілерге қарап, өз қателерін түзетеді немесе мұғалімнің көмегіне жүгінеді. Материал қажетті деңгейде игерілгеннен кейін ғана баға қойылады. 4-ші сабақтан кейін 1 сағаттық үзіліс қарастырылған. Спорт алаңдарын, мектеп ауласын тазартып, гүлдер мен ағаштарды суғарады. Барлығын балалар өз қолымен жасайды. Үлкендер су тасыса, кішірек балалар парталарды қозғап, еденді жуады. 1 сағаттан кейін барлық шелек, сыпырғыш секілді құралдар тез жинақталып, балалар сабаққа кіріседі. Бұл жұмыстарды балалармен қатар, мұғалімдер де орындайды. Жапондықтар мұғалім – ұлттық құндылық деп санайды».

Яғни, біздің білім беру жүйесіне ұқсайды, бірақ айырмашылығы – мектеп оқушыларына отбасынан басталатын ұлттық тәрбиені кейде терең ұғындыра алмауымыздан болуы мүмкін. Ата – бабаларымыз салып кеткен тәрбие ғасырлар бойы қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылығы. Олай болса, тәрбие бастауы ата – ана мен мұғаліммен балаға ұласып жатуы – шарттылық болып табылады. «Өз шәкірттерінен еңбектен қуаныш табуға үйрете білген ұстаздың мерейі үстем» - деген Э.Хаббардтың мәнді сөзімен ойымды аяқтап, еңбектеріңізге жеміс, отбасына береке тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Marshal G.S. Hodgson. Islam in seruvani. Birinci Cilt. Islam in Klasik cagi. 12 yay. Ist. – 1993.cев. Izzet Akyol ve grup – 260 б.

2. <http://www.kazakhstanlive.ru/country/soc/religy/>

3. Ислам в странах Ближнего и Среднего Востока. М., 1982.

#### Мазмұны

1. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор З.Н. Исмағамбетованың құттықтау сөзі	3
2. Байтенова Н.Ж., Байтен А.Ж. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ДИАЛОГТЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ	4
3. Алиева З. ПРОСВЕЩЕНИЕ КАК ПРОЯВЛЕНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ В АЗЕРБАЙДЖАНЕ	9
4. Ғабитов Т.Х., Затов Қ.А. ИСЛАМДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ	11
5. Demuciova A. THE MODERN ISLAMIC WORLD DURING A GLOBALIZATION ERA	15
6. Муминов А. К. КОНФЕССИОНАЛЬНАЯ СИСТЕМА ИСЛАМСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ И ТРАНСФОРМАЦИИ	18
7. Молтобарова К.И. ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ - ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ ҚАУІП- ҚАТЕРІ	21
8. Abudoushalike Q. THE HISTORY OF HANAFI MAZZHAB AND ITS ROLE IN KAZAKHSTAN	24
9. Абылов Т. ИСЛАМ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯ АРАҚАТЫНАСЫ	27
10. Алтаева Н.С. ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА ТАРАЛУЫ	31
11. Алымхаматов А.Р. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СӘЛӘФИЗМ: ДАҚЫРТ ПЕН АҚИҚАТ	34
12. Аташ Б. ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ ЖАТ БАҒЫТТАҒЫ ИСЛАМ АҒЫМДАРЫНЫҢ ИДЕОЛОГИЯСЫ	36
13. Бағашар К., Затов Қ.А. ХРИСТИАНДАР МЕН МҰСЫЛМАНДАРҒА ТӨН ДИАЛОГ ЖАРАСТЫҒЫ	41
14. Бадагулова Ж., Мейрбаев Б.Б. ЭТНО-РЕЛИГИОЗНАЯ ИДЕНТИФИКАЦИЯ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ НА ПРИМЕРЕ КАЗНУ	43
15. Бейсенов Б.Қ., Игисенова А. АДАМЗАТТЫҚ ОЙ-САНА ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТАҒЫЛЫМЫ	47
16. Нода Л.П., Бердигожина З.Ш. ИСТОРИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ КАК СРЕДСТВО ВОСПИТАНИЯ РЕЛИГИОЗНОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ	51
17. Молдабеков Ж. Ж., Бөртебаева Ақерке ТӨЗІМДІЛІК ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ТЕТІГІ	54
18. Велитченко С.Н. МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЙ ДИСКУРС В МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ ТОЛЕРАНТНОГО ОБЩЕСТВА	59
19. Ғабитов Т. Х., Датқа Ж. Д. ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ	61
20. Досхожина Ж.М. ТЕНДЕНЦИИ ИСЛАМСКОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ	64

ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР	
60. Нысанбаев А.А., Затов Қ.А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДИНАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	200
61. Самбетов Ш.Т., Затов Қ.А. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ КЕЛІСІМІНІҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ	204
62. Сембаева М.М., Байтенова Ж.Н. БАТЫС ЕУРОПАДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРИХТАҒЫ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН БОЛАШАҒЫ	210
63. Бөртебаева А.С., Серікқызы М., Мерхаева А.А., Молдабеков Ж.Ж. ТӨЗІМДІЛІКТІҢ ҚАЗАҚ МЕНТАЛИТЕТІНДЕГІ РӨЛІ ЖӘНЕ РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ	213
64. Ганирбергенова А.Н., Жолдубаева А.К. АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ МӘДЕНИ УДЕРІСТЕР	217
65. Токмамбаева А.Ж., Нуржанов Б.Г. ПРОСТРАНСТВО ПОТОКОВ	221
66. Турапи А.Ф., Ғабитов Т.Х. «МӘДЕНИ МҰРА» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ	225
67. Турдалиев Ч.С., Рысбекова Ш.С. РОЛЬ ХАЛЯЛЬ ИНДУСТРИИ И ЕЕ ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ КАЗАХСТАНА	228
68. Юсупов А.Р., Рысбекова Ш.С. КЛАССИФИКАЦИИ РЕЛИГИОЗНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ОБЩЕСТВО	231
69. Өмірбекова Ә.Ө. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ	234
70. Абжалов С.У. УАҺЪАБИЗМ ІЛІМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	237
71. Шубаева У.К. ДІН ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ	241
72. Мырзаханов Р., Молдабеков Ж.Ж. АДАМ ФАКТОРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕТІГІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ	244
73. Ұмбеталиев С. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	248
74. Молдағалиев Б.Е., Масанов Е. Ж. АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ДІНИ МӘСЕЛЕЛЕР	251
75. Тунгатова У.А. ТАРИХ САХНАСЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ» ЖӘНЕ «АЛАШ» ҰҒЫМДАРЫ	254
76. Байбосынова А.Н., Бейсенов Б.Қ. МЕКТЕПТЕГІ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ	258

**РОЛЬ ТРАДИЦИОННЫХ РЕЛИГИИ В УКРЕПЛЕНИИ  
МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ В КАЗАХСТАНЕ  
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ**

*Алматы, КазНУ имени аль-Фараби, 19 апреля 2013 г.*

Статьи публикуются в авторской редакции.

Книга выполнена с макета, предоставленного редакцией

Подписано в печать 12.04.2013 г. Формат бумаги 60x84 1/16

Бумага "Multilaser". Печать – RISO.

Гарнитура "Таймс". Объем 16,5 п.л. Тираж 500 экз.

Заказ № 270. Обложка – Colorit.

Отпечатано ИП «Сагаутдинова М.Ш.»

050036, г. Алматы, мкр.12-16-69



21. Жандарұлы Е. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ОРТАҚ КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ	67
22. Жолдубаева А.К. ИНДИВИДУАЛЬНОСТЬ В СОЦИАЛЬНОМ ОКРУЖЕНИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА)	70
23. Жусупов Е. ИСЛАМДАҒЫ УАСАТИЯ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ	73
24. Байтенова Н.Ж., Заманбеков Д. Ш. МЕТАФИЗИКА ИСЛАМСКОГО ФИНАНСОВОГО РЫНКА	76
25. Кадырәлиева А.М. ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРАЦИИ МИГРАНТОВ МУСУЛЬМАН В ЕВРОПЕЙСКОЕ ОБЩЕСТВО	79
26. Қалиев Қ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ДІНШІЛДІК ҰСТАНЫМЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	82
27. Байтенова Н.Ж., Көкеева Д.М. МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІННІҢ АРАҚАТЫНАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР	86
28. Едильбаева С. Ж. К ВОПРОСУ О ВЛИЯНИИ ИСЛАМСКИХ ТРАДИЦИЙ НА КАЗАХСКУЮ КУЛЬТУРУ	90
29. Лукпанов А. И. ГУМАНИЗМ ГОСУДАРСТВЕННО-РЕЛИГИОЗНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ	93
30. Мадалиева А., Мейрбаев Б.Б. ВОСПИТАНИЕ РЕЛИГИОЗНОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ РК	100
31. Мангаева Т. АБАЙ, ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ МАҒЖАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ИСЛАМ ТАҚЫРЫБЫ	103
32. Мұханбет Ә.А. Бияздықова К.Ә. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ	107
33. Мылтықбаева А.С., Тлепина Ш.В. ЮРИДИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ИСЛАМСКОГО ПРАВА	110
34. Омарова Г.С. ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ИМАНДЫЛЫҚ: Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН А.ҮЛІМЖІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	114
35. Пұсырманов Н.С. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ ЖАСТАР КОНТЕКСТІНДЕ	118
36. Байтенова Н.Ж., Сембаева М. БАТЫС ЕУРОПАДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРИХТАҒЫ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН БОЛАШАҒЫ	121
37. Байтенова Н.Ж. Сембаева М. АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ДІНИ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ	124
38. Сұлтанбаева Г.С. МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯСЫ ӨРКЕНИЕТТЕР ДИАЛОГЫНЫҢ ТІРЕГІ	127
39. Байтенова Ж.Н., Тастанова А.Д. ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ДІНИ-ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ	130
40. Толоғон Ж. АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМ (17-	134

18 ғғ.)	
41. Хайруллин Б.М. ЖАСТАР – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ	136
42. Шаукенов Ж.А. РОЛЬ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ И МЕЖЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ В ВОСПИТАНИИ МОЛОДЕЖИ	139
43. Абдуразақова Г.А., Масалимова А.Р. ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ РУХАНИ ӨНЕГЕЛІК МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	142
44. Арипжанова У.К., Молдабеков Ж.Ж. ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНА ӘСЕРІ	146
45. Базашева С.Е., Исмагамбетова З.Н. СОХРАНЕНИЕ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАК СТРАТЕГИЯ КУЛЬТУРНОЙ ПОЛИТИКИ	150
46. Бейсек Л.Б., Масалимова А.Р. КУЛЬТУРНАЯ ЖИЗНЬ В ГОРОДЕ: ОЖИВЛЕНИЕ БРЕНДА	153
47. Ботақараев Б., Бейсенов Б.Қ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАБЛИҒИ ЖАМАҒАТ ДІНИ-МИССИОНЕРЛІК ҰЙЫМНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ	157
48. Джакипов Е.Д., Бейсенов Б.Қ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ РӨЛІ	158
49. Жуманова К.К., Затов К.А. ОСОБЕННОСТИ ВЕРОУЧЕНИЯ, КУЛЬТА И СИМВОЛИКИ НОВЫХ РЕЛИГИОЗНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ	161
50. Қалнязова А.Қ., Байтенова Н.Ж. ДІНИ ЭКСТРЕМИСТІК КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ ШЫҒУЫНА СЕБЕП БОЛҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	167
51. Койчықұлов К.Ж., Шарипов А.С. ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ	171
52. Қалыбаев Т.С., Құлсариева А.Т. РУХАНИЯТ ҒЫЛЫМЫН ДАМУЫ ҚАЖЕТ	175
53. Махамбетова А., Құрманалиева А.Д. ӘЛ-МАТУРИДИДІҢ «К. АТ – ТАУХИД» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘЛЕМНІҢ ЖАРАТЫЛЫСЫ МӘСЕЛЕСІН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ	179
54. Мейманхожа Н.Р., Рысбекова Ш.С. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИИ РЕЛИГИОЗНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ В СВЕТЕ ЗАКОНА «О РЕЛИГИОЗНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И РЕЛИГИОЗНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЯХ»	183
55. Муканова З.К., Құлсариева А.Т. РЕЗУЛЬТАТЫ КРОСС-КУЛЬТУРНОГО ОПРОСА НА ТЕМУ: «ВЛИЯНИЕ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ ИНДИИ НА МОЛОДЕЖНЫЕ КАЗАХСТАНСКИЕ СУБКУЛЬТУРЫ»	186
56. Мухабаяев Н.Ж., Габитов Т.Х. НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЭТОС И РОЛЬ ЦЕННОСТИ ЭТИКИ ТРУДА	188
57. Назаров Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ТОПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ИСЛАМ ДІНИ НЕГІЗІНДЕ)	191
58. Наисбаева А.К., Альжанова Н. БАЗОВЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСТАНСКОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ	194
59. Насурлаева Г.О., Габитов Т.Х. ҚАЗАҚ КИМ ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕР МЕН	197